

**Западно-Казахстанский медицинский университет им. М. Оспанова
Группа учебно-методического обеспечения (ГУП) программ подготовки
специалистов в области общественного здоровья и иных специалистов
здравоохранения по направлению подготовки «Здравоохранение» при УМО
РУМС**

**Протокол заседания ГУП № 13
10 февраля 2026 г., г. Актобе**

Председатель: Ермуханова Л.С.

Зам. Председателя: Мусаханова А.К.

Секретарь: Болатова Ж.Е.

Формат заседания: онлайн

Присутствовали: председатели комитетов «Медико-профилактическое дело», «Общественное здравоохранение», «Нутрициология», «Медицина чрезвычайных ситуаций и катастроф», «Менеджмент».

Отсутствовали: 0

ПОВЕСТКА ДНЯ:

- 1) Рассмотрение образовательной программы сертификационного курса «Дезинфекционное дело» (15 кредитов / 450 часов).
- 2) Рассмотрение образовательной программы сертификационного курса «Гигиена детей и подростков» (15 кредитов / 450 часов).

СЛУШАЛИ:

1) Информацию председателя Комитета «Медико-профилактическое дело» Даулеткалиевой Ж.А. о программе сертификационного курса «Дезинфекционное дело», разработанной НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет». Разработчиками образовательной программы являются: – Оракбай Л.Ж., доктор медицинских наук, доцент кафедры гигиены и эпидемиологии,; –Адилханова А.Н., доктор PhD, старший преподаватель кафедры гигиены и эпидемиологии.

Программа сертификационного курса (Траектория А) ориентирована на организацию государственного санитарно-эпидемиологического надзора в области дезинфекции; разработку протоколов дезинфекционных мероприятий для объектов здравоохранения; экспертную оценку биобезопасности и эффективности дезинфицирующих средств; контроль за исполнением санитарных норм при эпидемических угрозах (для врачей санитарно-эпидемиологической службы).

Программа сертификационного курса (Траектория В) ориентирована на практическое освоение лабораторных методов исследования эффективности дезинфицирующих средств; проведение дезинфекционно-стерилизационных работ; инструментальный контроль микробной контаминации; ведение учетно-отчетной документации санитарно-эпидемиологической службы по дезинфекционному делу (для специалистов санитарно-эпидемиологической службы).

Программа относится к дополнительному образованию и реализуется на 7 уровне ОРК. Общий объём обучения составляет 15 кредитов, что соответствует 450 академическим часам. Обучение проводится в очно-дистанционном формате. По итогам освоения программы слушателям присваивается квалификация врача санитарно-эпидемиологической службы либо специалиста санитарно-эпидемиологической службы

(биолога). Программа прошла экспертизу Комитета «Медико-профилактическое дело» (протокол №6 от 10.12.2025 г.)

Голосование: Единогласно.

2) Информацию председателя Комитета «Медико-профилактическое дело» Даулеткалиевой Ж.А. об образовательной программе сертификационного курса «Гигиена детей и подростков», разработанной НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет». Уровень образовательной программы – средний, уровень квалификации по ОРК – 7. Продолжительность обучения составляет 15 кредитов (450 академических часов). Обучение проводится на русском и казахском языках в очно-дистанционном формате на клинической базе кафедры. Экспертиза программы проведена Комитетом «Медико-профилактическое дело» (протокол №6 от 10.12.2025 г.). Разработчиками программы являются: Оракбай Л.Ж., доктор медицинских наук, доцент кафедры гигиены и эпидемиологии, и Махашов М.Ы., магистр общественного здравоохранения, старший преподаватель кафедры гигиены и эпидемиологии.

Краткое описание программы для врачей (траектория А): программа ориентирована на углублённое изучение вопросов гигиены детей и подростков с акцентом на надзорную, экспертную и управленческую деятельность. Врачи осваивают организацию и проведение государственного санитарно-эпидемиологического надзора, гигиеническую оценку условий обучения, воспитания, питания, труда, отдыха и оздоровления детей и подростков, анализ причинно-следственных связей между факторами среды и состоянием здоровья, разработку и реализацию профилактических и санитарно-противоэпидемических мероприятий, а также оформление санитарно-эпидемиологических заключений и принятие управленческих решений.

Краткое описание программы для специалистов (траектория В): программа ориентирована на практическое освоение методов санитарно-гигиенических исследований и мониторинга факторов среды, влияющих на здоровье детей и подростков. Специалисты изучают методы лабораторных, инструментальных и аналитических исследований, участвуют в санитарно-эпидемиологических обследованиях объектов образования, проводят гигиеническую оценку физических, химических и биологических факторов среды, обеспечивают выполнение санитарных правил и нормативов и ведут учетно-отчетную документацию в рамках деятельности санитарно-эпидемиологической службы.


Голосование: Единогласно.

Решили:

1) Одобрить образовательную программу сертификационного курса «Дезинфекционное дело» и рекомендовать направить протокол на рассмотрение секции высшего образования.

2) Одобрить образовательную программу сертификационного курса «Гигиена детей и подростков» и рекомендовать направить протокол на рассмотрение секции высшего образования.

Председатель



Ермуханова Л.С.

Секретарь



Болатова Ж.Е.

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бөлімі жанындағы
«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша қоғамдық денсаулық сақтау және өзге де
денсаулық сақтау саласының мамандарын даярлау білім беру бағдарламаларын
оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тобы (ОӘҚ)

ОӘҚ отырысының хаттамасы №13

2026 жылғы 10 ақпан, Ақтөбе қ.

Төраға: Ермуханова Л.С.

Төрағаның орынбасары: Мусаханова А.К.

Хатшы: Болатова Ж.Е.

Отырыс форматы: онлайн

Қатысқандар: «Медициналық-профилактикалық іс», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Нутрициология», «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы», «Менеджмент» комитеттерінің төрағалары.

Күн тәртібі:

- 1) «Дезинфекциялық іс» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын қарастыру (15 кредит / 450 сағат).
- 2) «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын қарастыру (15 кредит / 450 сағат).

ТЫҢДАЛДЫ:

1. «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің төрағасы Даулеткалиева Ж.А.-ның «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» КЕАҚ әзірлеген «Дезинфекциялық іс» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасы туралы ақпараты тыңдалды. Білім беру бағдарламасының әзірлеушілері:
– Оракбай Л.Ж., медицина ғылымдарының докторы, гигиена және эпидемиология кафедрасының доценті;
– Адилханова А.Н., PhD докторы, гигиена және эпидемиология кафедрасының аға оқытушысы.

Сертификаттау курсының бағдарламасы (А траекториясы) дезинфекция саласындағы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыруға; денсаулық сақтау объектілері үшін дезинфекциялық іс-шаралардың хаттамаларын әзірлеуге; дезинфекциялық құралдардың биологиялық қауіпсіздігі мен тиімділігіне сараптамалық баға беруге; эпидемиялық қауіп-қатер жағдайында санитариялық нормалардың орындалуын бақылауға бағытталған (санитариялық-эпидемиологиялық қызмет дәрігерлері үшін).

Сертификаттау курсының бағдарламасы (В траекториясы) дезинфекциялық құралдардың тиімділігін зерттеудің зертханалық әдістерін практикалық меңгеруге; дезинфекциялық-стерилизациялық жұмыстарды жүргізуге; микробтық контаминацияға аспаптық бақылау жасауға; санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің дезинфекциялық іс бойынша есептік-есеп беру құжаттамасын жүргізуге бағытталған (санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары үшін).

Бағдарлама қосымша білім беру саласына жатады және ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-деңгейінде іске асырылады. Оқу көлемі 15 кредитті (450 академиялық сағатты) құрайды. Оқыту күндізгі-қашықтықтан оқыту форматында жүргізіледі. Бағдарламаны игеру қорытындысы бойынша тыңдаушыларға санитариялық-эпидемиологиялық

қызмет дәрігері немесе санитариялық-эпидемиологиялық қызмет маманы (биолог) біліктілігі беріледі. Бағдарлама «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің сараптамасынан өтті (2025 жылғы 10 желтоқсандағы №6 хаттама).

Дауыс беру: Бір ауыздан.

2. «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің төрағасы Даулеткалиева Ж.А.-ның «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» КЕАҚ әзірлеген «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасы туралы ақпараты тыңдалды. Білім беру бағдарламасының деңгейі – орта, ҚР Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі – 7. Оқу ұзақтығы 15 кредитті (450 академиялық сағатты) құрайды. Оқыту кафедраның клиникалық базасында күндізгі-қашықтықтан оқыту форматында орыс және қазақ тілдерінде жүргізіледі. Бағдарлама «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің сараптамасынан өтті (2025 жылғы 10 желтоқсандағы №6 хаттама).

Бағдарламаны әзірлеушілер: Орақбай Л.Ж., медицина ғылымдарының докторы, гигиена және эпидемиология кафедрасының доценті, және Махашов М.Ы., қоғамдық денсаулық сақтау магистрі, гигиена және эпидемиология кафедрасының аға оқытушысы.

Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы (А траекториясы – дәрігерлер үшін): бағдарлама балалар мен жасөспірімдер гигиенасы мәселелерін тереңдетіп оқуға бағытталған, негізгі назар қадағалау, сараптамалық және басқарушылық қызметке аударылады. Дәрігерлер мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу, балалар мен жасөспірімдердің оқу, тәрбие, тамақтану, еңбек, демалыс және сауықтыру жағдайларына гигиеналық баға беру, қоршаған орта факторлары мен денсаулық жағдайы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды талдау, профилактикалық және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды ресімдеу және басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді.

Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы (В траекториясы – мамандар үшін): бағдарлама балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына әсер ететін орта факторларын санитариялық-гигиеналық зерттеу әдістерін және мониторинг жүргізуді практикалық тұрғыда меңгеруге бағытталған. Мамандар зертханалық, аспаптық және аналитикалық зерттеу әдістерін оқиды, білім беру объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық тексерулерге қатысады, ортаның физикалық, химиялық және биологиялық факторларына гигиеналық баға береді, санитариялық қағидалар мен нормативтердің орындалуын қамтамасыз етеді және санитариялық-эпидемиологиялық қызмет шеңберінде есептік-есеп беру құжаттамасын жүргізеді.

Дауыс беру: Бір ауыздан.

Шешім қабылданды:

1. «Дезинфекциялық іс» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасы мақұлданып және хаттама жоғары білім беру секциясының қарауына жіберу ұсынылсын.

2. «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасы мақұлданып және хаттама жоғары білім беру секциясының қарауына жіберу ұсынылсын.

Төрайым



Ермуханова Л.С.

Хатшы



Болатова Ж.Е.